

Білім берудің мәселелері мен келешегі
Проблемы и перспективы образования
Problems and prospects of education

FTAMP 37.014 (574)

А.Қ.ИГІБАЕВА¹, Д.ЕРБОЛАТҰЛЫ¹, Г.У.ТУРАРОВА¹

¹С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
(Өскемен, Қазақстан), aiko-53@mail.ru; e_dosym@mail.ru; gulnaz_uka@mail.ru;
<https://doi.org/10.51889/2020-4.2077-6861.14>

КИБЕРӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ: БЕТАЛЫСЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Аңдатпа

Қазіргі әлемнің дамуы өте күрделі де жылдам және ол процесс ақпараттық-коммуникациялық бағытпен сипатталады. Адамның қажеттіліктері ақпарат алу, байланыс және басқалармен қарым-қатынас орнату тек тікелей ғана емес, сонымен бірге Интернет арқылы да қанағаттандырылады. Ол үрдіс білім беру саласына, білім жүйелеріне өз ықпалын кеңінен әсер етіп жатыр деп айтуға болады. Осы тұрғыда педагогика, психология салаларында жаңа ағымдар байқалады. Киберкеңістік ақпаратты іздеу және алу құралы, сондай-ақ қарым-қатынас ортасы, виртуалды өзара іс-қимыл болып табылады және жас ұрпақтың мінез-құлық стереотиптерінің, сондай-ақ идеалдардың, рухани құндылықтардың, жеке және қоғамдық дүниетанымның қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Мақалада жастардың киберкеңістікті игеруінің оң аспектілері айқындалды, сондай-ақ қазіргі жастар үшін кибер әлеуметтенудің қауіптері мен тосқауылдары атап өтілді. Киберәлеуметтендіру мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізу қажеттілігі, киберкеңістікте жастарды әлеуметтендірудің оң формаларын дамыту үшін жаңа технологияларды құрудың маңыздылығы туралы қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: интернеттегі кеңістік; кибер әлеуметтендіру; интернет-ресурста психологиялық құбылыстар; ақпараттық және психологиялық қолдау; рухани құндылықтар.

Кіріспе. Қазіргі жағдайда Интернет ортасының даму қарқыны жоғары және әлемнің барлық аймақтарында оның пайдаланушылар саны өсуді жалғастыруда.

Ұйымдар қызметінің өндірістік және операциялық циклдерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың өсуі аясында Қазақстандағы халықтың цифрлық сауаттылығы айтарлықтай төмен деңгейде қалып отыр. ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің бағалауы бойынша халықтың базалық цифрлық сауаттылығы 77% – ды құрайды [1]. Атап айтқанда, базалық тізбені пайдалану дағдылары бар халықтың үлесі – 60,8%, дербес компьютерді, смартфонды, планшетті, ноутбукті, стандартты бағдарламаларды пайдалану, Интернет желісі арқылы қызметтер мен сервистерді

алу дағдылары бар халықтың үлесі – 77,1%.

БҰҰ қамқорлығымен есептелетін акт дамуының негізгі әлемдік рейтингінде-ICT Development Index, – Қазақстан, мысалы, 2016 жылы 175-тің 52-ші жолын иеленді. Бағдарламаны және басқа да стратегиялық бағыттарды іске асыру нәтижесінде ел рейтингте 2022 жылға қарай 30-шы орынға, 2025 жылға қарай 25-ші орынға және 2050 жылға қарай 15-ші орынға көтеріледі деп болжануда. Қазақстан цифрландырудың ағымдағы деңгейі тұрғысынан The Boston Consulting Group халықаралық консалтингтік компаниясының e-intensity рейтингісінде де қуып жетуші ел болып табылады [2]. Соңғы уақытта, әр түрлі жағдайларға байланысты (оның ішінде дүниежүзілік пандемия) Қазақстанда интернет пайдаланушылар саны өсіп келе жатқаны байқалады. Ал бұл

үрдіс ғылымдардың әр түрлі салаларына өзгерістерін әкеле жатқаның байқауға болады.

Зерттеудің мақсаты – қазіргі заманғы отандық және шетелдік зерттеулердегі киберкеңістіктегі жеке тұлғаның әлеуметтену құбылыстарын теориялық тұрғыдан саралап, отандық педагогика, психология ғылымдардың алдында осы проблеманы қарастырудағы жаңа ғылыми ізденістердің қажеттілігін айқындау.

Зерттеу әдіснамасы. Компьютерлік технологиялар мен Дүниежүзілік Ғаламдық Интернеттің динамикалық киберэволюциясының арқа-сында психологиялық-педагогикалық ғылым инновациялық әлеуметтік-педагогикалық құбылыстың – адамның киберәлеуметтену процесінің пайда болуымен байытылды.

Интернеттегі кеңістіктегі әлеуметтену процестерін зерттеудің көптеген бағыттары бар. Біріншіден, бұл «ақпараттық әлеуметтену», «медиа әлеуметтену» және т.б. терминдерімен байланысты. Соңғы уақытта «сандық педагогика», «сандық әлеуметтану», «киберпедагогика», «киберәлеуметтену» терминдері жиі қолдана басталды [3].

Отандық ғалымдардың еңбектерінде аталмыш проблеманың кейбір мәселелері зерделеніп жатқаның айтуға болады. Мысалы, С.Карауылбаев, М.Артюхина және т.б. сандық оқыту мен тәрбиелеу дәуіріндегі педагогиканың дамуына көңіл аударады [4]. Ғалымдардың пікірінше, сандық педагогика әдістемесі мен теориясының кейбір маңызды жақтарына түзетулер енгізу қажет. Сонымен бірге, С.К.Карауылбаев, А.М.Жумабаева еңбектерінде ЖОО оқу үрдісіне компьютерлік 3D оқу-іскерлік ойындарды пайдаланудың тиімділігі және интернет дұрыс бақылау мен бағалаудың болмауы жағдайындағы зиянды әсерлер көрсетіледі [5; 6; 7].

«Білім беру кеңістігінде цифрлық педагогика» атты жұмыста авторлар болашақ мамандарға цифрлық білім берудің негізгі бағыттары мен даму үрдістерімен таныстыруды жөн көрді [8].

Педагогикалық, психологиялық ғылым-

дарда «киберәлеуметтену» термині өз орнына ие болып келе жатқаны мәлім. Мысалы, шетелдік психологияда «кибер әлеуметтену» терминіне мынандай түсіндеме беріледі: адамды электронды коммуникация мәдениетімен, сондай-ақ киберкеңістіктегі қарым-қатынас ерекшелігін анықтайтын құндылықтармен, нормалармен және ережелермен таныстырумен байланысты құбылыстардың жиынтығы ретінде [9]. Виртуалды әлеуметтену адам өмірінің барлық салаларын қарқынды қамтуда [10].

Ресей ғалымы В.А.Плешаков осы проблеманы алғашқылардың біреуі болып зерттей бастаған. Ол «адамның киберәлеуметтендіруі жеке тұлғаның әлеуметтенуі ретінде – жеке тұлғаның өзін-өзі тану құрылымындағы сапалы өзгерістер процесі ретінде, сондай-ақ адамның қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық және компьютерлік технологияларды қолдану әсерінен және нәтижесінде пайда болатын жеке тұлғаның қажеттілік-мотивациялық аймағы ретінде», – деп анықтайды [11].

Ресей зерттеуші С.В.Бондаренконың пікірінше, киберкеңістіктегі әлеуметтену коммуникациялық технологияларды, ақпараттық мәдениетті, әлеуметтік навигацияны, электрондық сауаттылықты, сондай-ақ әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды және рөлдік талаптарды игеру арқылы пайдаланушының электрондық әлеуметтік-мәдени ортаға кірігу процесін білдіруі мүмкін [12].

Бұл ұғымдар адамның онлайн-контексте бейімделу процестерін, соның ішінде цифрлық дәуірдің «қоршаған» технологиялық ақыл-ойымен өзара әрекеттесу процесін зерттеуге мүмкіндік береді. Айта кететін жағдай, отандық ғылыми еңбектерде әлі де «киберәлеуметтену» термині сирек қолданылады.

Қазіргі жастар интернетті қарым-қатынасты қалыптастыруға, мәселелерді талқылауға, жұмыс істеуге, оқуға, жаңа мінез-құлық үлгілерін игеруге мүмкіндік беретін кеңістік ретінде белсенді қолданады. Сонымен қатар, адамның әлеуметтік дамуына мақсатты және реттелетін сипат беретін

әлеуметтенудің дәстүрлі агенттерінен (отбасы, мектеп және т.б.) айырмашылығы, интернет әлеуметтену процесіне стихиялық ерекшеліктерді енгізеді.

Кибер әлеуметтендіруге байланысты зерттеулер әр түрлі бағытта жүруі мүмкін. Ол, ең алдымен, болып жатқан өзгерістерді бағалауға бағытталған пәнаралық контекстке бағытталуы керек. Олар: жоғары психикалық функциялардың өзгеруі, жеке тұлғаны қалыптастыру механизмдерінің және қарым-қатынас формаларының өзгеруі, әлеуметтік-мәдени тәжірибедегі жаңалықтар, жаңа психологиялық құбылыстардың пайда болуы.

Интернет-ортада қарым-қатынас жасай отырып, жастар желілік қоғамдастықта қабылданған құндылықтар мен нормаларды берік әлеуметтік-мәдени негізі мен дәстүрлері жоқ бұлыңғыр ережелерімен және шекараларымен игере бастайды.

Осылайша, интернет-ресурстар жас пайдаланушылардың жеке дамуы мен әлеуметтік жұмыс істеуі үшін оң және теріс салдарға әкелуі мүмкін. Бұл жастарды физикалық және психикалық денсаулығына қауіпті эксперименттерге, қылмыстық әрекеттерге тартудың қосымша қауіптерін тудырады.

Сонымен, біздің теориялық шолуымыз аясында мүлдем жаңа жағдайда адам іс-әрекетіне тікелей байланысты ақпараттық төңкерістердің салдары ерекше маңызды болып табылатынын атаймыз. Оның ішінде киберәлеуметтену мәселелерін шешуде қарама-қайшы сұрақтар жол алады. Ал бұл процесс педагогика, психология ғылымдарының әдіснамаларына көп өзгерістерді енгізуді талап етті.

Мақаланы жазу барысында салыстыру және талдау әдістерін пайдаланып, логикалық пайымдауға жол бере отырып, синтездік әдіс қолданылды.

Нейл Хоув пен Уильям Страустың ұсынған ұрпақтардың тұжырымдамаларына сәйкес, қазіргі балалар мен жасөспірімдер екі ұрпаққа жатады – «У» (игрек) және «Z» (зет) [13]. Ғылыми әдебиеттерде оларды сандық буын деп атайды. Бұл ұрпақ

сандық өмір салтымен және дамудың ерекше әлеуметтік жағдайымен сипатталады. Желідегі ақпарат пен коммуникацияның қарқынды ағындарының арқасында цифрлық буын өкілдері 10-15 жыл бұрын мектепке барғандардан айтарлықтай ерекшеленеді. Әрине, интернетті қолданудың жоғары қарқындылығы цифрлық буын балаларының жеке және психикалық дамуын өзгертеді. Бұл өзгерістер жоғарыда аталған, пәнаралық контекстке бағытталған өзгерістер және құбылыстар.

Адамдарды оқытуға, қарым-қатынас жасауға, ақпараттық және психологиялық қолдауға, оның ішінде психикалық денсаулығына қатысты мәселелерге, дамып келе жатқан қосымшаларға және барлық жастағы адамдарға арналған интернет-ресурстар мен мобильді қосымшалардың үнемі өсіп келе жатқан саны қазіргі пайдаланушылардың өзекті мәселелерін шешуге көмектеседі. Е.И.Изотова, жастардың әлеуметтенуінің табыстылығын сипаттау қатарына коммуникацияның мәдени нормаларын, оның ішінде эмоциялық ақпараттарды жеткізу тәсілдерін игеруді жатқызады [14]. Сонымен қатар, Интернет-кеңістік адамның жеке және кәсіби дамуы үшін ресурс бола отырып, үнемі дамып келе жатқан онлайн-қауіпсіздік проблемаларына, онлайн-тәуекелдерге байланысты бірқатар сұрақтар тудыратындығымен келісу керек. XX-XXI ғасырлар тоғысындағы кибер әлеуметтенуі қазіргі адамның әлеуметтенуінің танымал түрі деп айтуға болады. Желі жастардың бейресми білімі мен әлеуметтік тәрбиесінің танымал кеңістігіне айналды.

Ресейлік ғалымдардың бір топ зерттеулер нәтижесіндегі қорытынды - жастардың әлеуметтік бастаманы көрсетудің заманауи әдістерінің бірі-әлеуметтік желілерде қайырымдылық сайттары мен топтарын құру. Авторлар видеохостингтер (мысалы, YouTube) және авторлық блогтар жастарға әлеуметтік жобаларын алға жылжытуға, қайырымдылықпен айналысуға және қоғам өмірінде болып жатқан оқиғаларға белсенді қатысуға мүмкіндік береді деп атап өтті [15];

16; 17; 18; 19].

Қиындықтар мен қарама-қайшылықтарға қарамастан, кибер әлеуметтендіру процесі өз орнын алып келе жатқаны сөзсіз. Интернеттің әлеуметтік-мәдени ортасы жалпы әлеуметтенудің факторы болып табылады; онда әлеуметтік тәжірибенің кеңеюі және жеке тұлғаның әртүрлі құрылымдарының өзгеруі орын алады. Сонымен қатар, әлеуметтену процесі ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын дамытумен ғана емес, сонымен бірге жаңа коммуникативті кеңістікті, дүниетанымды, сондай-ақ қоғамның нормалары мен ережелерін қалыптастырумен байланысты екені баршаға мәлім.

Киберәлеуметтендіру процесінде адамда бірқатар жаңа, іс жүзінде киберологиялық күтулер мен мүдделер, мотивтер мен мақсаттар, қажеттіліктер мен көзқарастар, сондай-ақ киберкеңістікпен тікелей байланысты психологиялық және әлеуметтік белсенділік формалары пайда болады. Маслоу жасаған қажеттіліктер пирамидасына сүйене отырып, Интернет қолданушылары өздерінің өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыруды да, квази-қанағаттандыруды да (қиялды, нақты қанағаттандыру емес) табады деп болжауға болады. Ал ондай процесс бір неше қиындықтарға әкелуі мүмкін. Себебі әр тұлғаның дамуында, оның сана сезімінде өзінің ерекшеліктері бар.

Біріншіден, шындық деңгейлер арасындағы, әлеуметтік және ақпараттық феномен арасындағы психологиялық және іс-әрекет арасындағы кедергілер бұзылады. Қазіргі ақпараттық жүйеге батырылған адам классикалық шындықты оның виртуалдағы проекциясынан толық ажырата алмайды деп айтуға болады.

Екіншіден, өзіндік қызметінің, тұлғалық тәжірибенің және меңзей, яғни болашақ іс-әрекет арасындағы кедергілер ашық білінбейді. Ең алдымен, адамның өзара әрекетін және көрсетілетін виртуалды оқиғаларды, құбылыстарды виртуалды эксперимент ретінде қабылдау. «Адам-виртуалды объект» жүйеде өзара әрекеттесу процесінде көптеген нәзік психологиялық

реакциялар болуы мүмкін: осы үлгілерді жекелендіру, өзін-өзі өлшеу, оқыту, ақыл-ой эксперимент, виртуалды оқыту және нақты іс-әрекеттердің репетициясы. Ал осындай жағдайлардың қорытындылары психологиялық тұрғыдан қазақстандық психологиялық, педагогикалық ғылымдарда әліде толық зерттелмеген.

Жастардың киберәлеуметтенуі процесімен қатар жүретін тәуекелдер мен қатерлер. Кибер әлеуметтену, жоғарыда көрсетілгендей, жастарға қарым-қатынас, білім беру, өзін-өзі дамыту тұрғысынан үлкен артықшылықтар береді, бірақ сонымен бірге олардың психологиялық әл-ауқатына үлкен қауіп төндіреді. Олардың ішінде – (виртуалды қорқыту, жыныстық және әлеуметтік бопсалау, пайдалану және т.б.) өзекті етеді, көптеген жасөспірімдер оған қарсыласуға дайын емес. Мысалы, бірқатар зерттеулер электрондық коммуникацияны шебер меңгерген қазіргі заманғы белсенді интернет-пайдаланушылар офлайн шындықта тұлғааралық қарым-қатынаста жетілмегендікпен икемсіздікті көрсете алатындығы, достық, интимдік-жеке қатынастарды құру мен қолдауда қиындықтар туындауы мүмкін екендігі туралы мәліметтер береді [20]. Осы тұрғыдан педагогикалық, психологиялық ғылымдарда киберәлеуметтендірудің әртүрлі бағыттарын зерттеу өте маңызды деп санаймыз.

Online-әлеуметтену процесінде қауіпсіздік түрлері өзгеріп – субъективті, жеке адамның қабілеттеріне байланысты бола бастайды. Бұл тенденциялар қазіргі заманғы жас адамды әлеуметтендірудің маңызды педагогикалық, психологиялық міндеттерін өзектендіреді: бәсекеге қабілетті тұлғаның қасиеттерін қалыптастыру, оның барлық компоненттерінде өзгеретін қоршаған шындықтың көшкініне сәйкес келуге және нақты және виртуалды кеңістіктің әртүрлі (психологиялық, әлеуметтік және т.б.) тәуекелдеріне қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Тағы да бір назар аударатын жайт-әрбір адам әлеуметтік және психо-жастық мәртебесінен, этникалық және конфессиялық

катыстылығынан, отбасылық-неке жағдайынан, мүліктік және материалдық жағдайынан басқа, туғаннан бастап өмірінің соңына дейін әлеуметтенудің нақты әлеуетіне, сондай-ақ кибер әлеуметтену мүмкіндіктеріне ие.

Осы тұрғыда киберпедагогиканың психологиялық бағыттары көп сұрақтарды тудырып, ғылыми ізденістерді талап етеді.

Кибер әлеуметтендіру процесінде адам виртуалды әлемге тікелей қатысы бар жаңа, іс жүзінде, кибер-психологиялық күтулер мен мүдделердің, мотивтер мен мақсаттардың, қажеттіліктер мен көзқарастардың, сондай-ақ психологиялық және әлеуметтік белсенділіктің формаларын дамытады.

Пікірталас пен нәтижелері. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) инновациялық дамуы жалпы қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуы тұрғысынан маңызды мәнге ие. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар зияткерлік, экономикалық және басқарушылық әлеуеттің тез жинақталуын қамтамасыз ететін және қоғамның тұрақты дамуына кепілдік беретін серпінді технологиялар класына жатады. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі заманғы қазақстандық білім берудің өзекті міндеті кәсіби құзыреттілікпен қатар АКТ-құзыреттіліктің сапалы жаңа деңгейіне ие жоғары кәсіби мамандарды даярлау болып табылады. Оқу процесіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізу зерттеуші, ұйымдастырушы, кеңесші, психолог, оның ішінде ақпараттық кеңістікте болатын мұғалімнің функцияларын түбегейлі өзгертуге әкеледі. Қашықтықтан оқыту мен тәрбиелеудің ерекше философиясын түсінуге және қабылдауға, олардың нақты әдіснамасын практикалық игеруге білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагогтердің жүйелі дайындығын ұйымдастыру қажет. Бұл ретте білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылының ең қашықтықтан (қашықтан) форматының мәнін және оны төтенше жағдайларда шұғыл қолданудың қашықтықтан практикасын кеңейту жалпы педагогиканың қазіргі саласының беделін түсірмеуге мүмкіндік береді.

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде осы бағытқа көп көңіл бөлінеді, заманауи цифрлық жабдықтармен жарақталған жаңа зертханалар мен оқу аудиториялары ашылды.

Мұның бәрі студенттерге жоғары деңгейде білім алуға және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді. Университетте жаңа үлгідегі білім беру технологиялары бойынша кадрлар даярлауға мүмкіндік беретін тағы бір құрылым – цифрлы педагогика зертханасы ашылды.

Зертхананы құрудағы мақсат – қазіргі заманғы IT-құзыреттіліктерге ие заманауи білім беру жүйесі үшін педагогикалық кадрларды даярлау; қазіргі заманғы АКТ құралдарын (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) тиімді қолдану жағдайында заманауи оқу процесін педагогикалық, психологиялық жобалаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу; оқытудың қосымша нысандарын іске асырудың және мектеп пен колледж педагогтарына білім беру қызметтерін көрсетудің тиімді тетігін қамтамасыз ету.

Цифрлы педагогика зертханасында оқыту цифрлық білім беру ресурстары, білім берудегі қашықтықтан оқыту технологиялары, онлайн-оқыту, цифрлық білім беру ортасы, компьютерлік технологиялар және т.б. бағыттар бойынша жүргізеді.

Сонымен бірге, университетте профессорлық оқытушылар құрамына оқу әдістемелік материалдарды, оның ішінде қашықтықтан оқыту форматында оқытылатын пәндер бойынша бейнедәрістерді жазуға мүмкіндік беретін, материалдарды жинақтауға және бейнедәрістің соңғы өнімін жасап шығаруға жаңа үлгідегі ақпараттық технология құралдарымен жабдықталған «Алтай жастары» орталығы, «Қашықтықтан оқыту және электрондық оқыту ресурстарын әзірлеу» зертханасының мамандары көмек көрсетеді.

Мектеп түлектеріне, мысалы, ҰБТ-ға дайындықты, ал педагогтарға – жұмысқа арналған электрондық ресурстар мен жаңа IT-платформаларды, сондай-ақ ресурстардың әдістемелік жиынтығы ұсынылады: ҚР

БҒМ әдістемелік ұсынымдарын ескере отырып дайындалған бейнедәрістер, бейнекеңестер. Қазіргі уақытта университет мамандары түрлі тақырыптар бойынша көптеген бейнематериалдарды, жекелеген оқу пәндері бойынша мұғалімдерге арналған Сандық педагогика зертханасының басқа мүмкіндіктерінің бірі – университеттің электронды кітапханасының әдебиеттерін жеке сайтпен және электронды ресурстармен – электронды кітаптармен, аудио жазбалармен және мультимедиялық оқулықтардың платформаларымен пайдалану. Әртүрлі вебинарларды онлайн режимде жүктеп отырылады.

Бүгінгі еліміздің білім беру саласы жаһандық бәсекелестікте мемлекетіміздің экономикалық күші мен саяси ықпалын анықтайтын ең негізгі және болашағы үлкен алаң. Киберәлеуметтендіру білім беру процесінің барлық субъектілерінің әлеуметтік статустарына, жынысына, жасына қарамастан, әлеуметтік және шығармашылық белсенділіктерін тиімді жоғарылатуға жағдай жасайды: біріншіден, бүгінгі цифрлық экономика жағдайында жаһандық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді; екіншіден, «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары, тарихи және ұлттық-мәдени дәстүрлер негізінде үйлесімді және әлеуметтік жауапкершілікті сіңіре тәрбиеленген тұлға қалыптастырады, үшіншіден, цифрлы педагогика зертханасында жүзеге асырылатын ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі білім беру субъектілерінің іс-әрекеттерін жүйелеуге мүмкіндік беретін ресурс ретінде пайдаланылады.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, ақпараттық сауаттылықтың жаңа деңгейі жаңа психологиялық-педагогикалық тәсілдерге көшуді талап етеді. Олар денсаулықты сақтауды қамтамасыз етуі керек, білім

алушылардың ақыл-ойының белсенділігін арттыруға, шығармашылық және ақыл-ой қабілеттерін қалыптастыруға, ақпараттық қоғамда берік орын алуға мүмкіндік беретін жеке тұлғаның тұтас дүниетанымы мен өзін-өзі тануын дамытуға ықпал етуі керек. Бірақта, жаңа технологияларды қолдану білім сапасын өздігінен арттырады деп ойлау қате болар еді. Олардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін білім беру саласындағы мамандар киберпсихология және киберпедагогика білімін дамыту, зерттеу және белсенді қолдану қажет.

Ақпаратты білімге айналдыруға арналған ақпарат көздері мен білім беру технологияларының алуан түрлілігіне қарамастан, білімді білімге айналдырудың бір ғана жолы бар екенін әрдайым есте ұстаған жөн: бұл өзгеріс адамның санасында жүзеге асырылады. Бұл жағдайда адамның киберкеңістікпен өте қарқынды өзара әрекеттесуін ескеру қажет. Ақпараттық қоғамдағы өміріміздің шындығы – бұл өзара әрекеттесудің нәтижесінде ХХІ ғасырдағы адамның жеке ой-өрісі, санасы пайда болады және дамиды. Сондықтан, бүгінгі таңда жастардың киберәлеуметтену мәселелері адам мен ақпараттық органның күнделікті тығыз өзара әрекеттесуінен туындайтын барлық оң және теріс әсерлерді өлшеу, егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді. Қазіргі заманғы отандық және шетелдік зерттеулердің теориялық талдауы негізінде біз киберкеңістіктегі жеке тұлғаның әлеуметтену құбылыстарын саралап, отандық педагогика, психология ғылымдарының алдында осы мәселені қарастыруда жаңа ғылыми ізденістердің қажеттілігін айқындадық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

[1] ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстандағы цифрландыру мәселелері жөніндегі ҚР Үкіметі отырысында баяндамасы [Электрондық ресурс]: URL: <http://mic.gov.kz/ru/pages/doklad-ministra-informacii-ikommunikacii-d-abaeva-na-zasedanii-pravitelstva-rk-ot-17042018-g> (өтінім берілген күні: 02.10.2020).

[2] Что ждет Цифровой Казахстан? Новый тренд в развитии экономики [Электрондық ресурс]: URL: <https://kapital.kz/technology/77003/chto-zhdet-tsifrovoy-kazakhstan.html> (өтінім берілген күні: 02.10.2020).

[3] Битэм Элен, Шарп Рона. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: Ұлттық аударма бюро. – 2019. – 328 б.

- [4] Карауылбаев С.К., Артюхина М., Жумабаева А.М., Муратова Г.И. Границы развития интернет-педагогика // Педагогика және психология. – 2020. – № 2(43). – С.5-11.
- [5] Карауылбаев, С.К., Жумабаева А.М. 3D виртуалды оқытудағы заманауи педагогика // Педагогика және психология. – 2019. – № 2(39). – 5-11 бб.
- [6] Карауылбаев С.К., Жумабаева А.М. Бакалаврларды дайындауда компьютерлік 3D оқу-іскерлік ойындарын қолданып оқытуды ұйымдастыру // ПМУ Хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2018. – № 2 – 170-180 бб.
- [7] Карауылбаев, С.К., Жумабаева А.М. Кибербуллинг түрлері және жастар арасында жүргізілетін профилактикалық жұмыс бағыттары // Педагогика және психология». – 2020. – № 2(43). – С.70-76.
- [8] Сағалиева Ж.К және т.б Білім беру кеңістігіндегі цифрлық педагогика: Оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2020. – 366 б.
- [9] Chitosca M.I. The Internet as a socializing agent of the «M Generation». Journal of Social Informatics. 2006. Vol. 5 (June). P. 3-21.
- [10] Saleem, N. Virtual Socialization: A Step Towards Social Transformation. Journal of Distance Education and Research (JDER). 2016 –8(4). – P. 56-66.
- [11] Плешаков В.А. Плешаков В.А. О психопластике киберсоциализации человека // Преподаватель 21 века. – 2016. – вып.1. – № 2. – С.71-77.
- [12] Бондаренко С.В. Социальная структура виртуальных сетевых сообществ. –Ростов-на-Дону: РГУ, 2004. – 320 с.
- [13] Солдатова Г.У. Цифровое поколение России: компетентность и безопасность / Г.У.Солдатова, Е.И.Рассказова, Т.А.Нестик. – М.: Смысл, 2017. – 375 с.
- [14] Изотова Е.И. Современные способы эмоциональной насыщенности интернетобщения // Цифровое общество как культурно-исторический контекст развития человека: Сборник научных статей и материалов международной конференции. – 14-17.02.2018 / под общ.ред. Р.В. Ершовой. – Коломна: Государственный социально-гуманитарный университет, 2018. – С.172-175.
- [15] Интернет-технологии как фактор развития социальной активности российской молодежи / Е.В. Елисева [и др.] // Организация работы с молодежью. – 2012. – № 9.
- [16] Гладкова Л.Н. Формирование опыта социально безопасного поведения несовершеннолетних в процессе online-социализации // Вестник ТюмГУ. Гуманитарные исследования. – 2017. – Т.3. – №3. – 2017. – С.292-305.
- [17] Гладкова Л.Н. Процесс развития социально безопасного поведения подростков сетевыми сервисами // Вестник КГПУ им. В.П. Астафьева. – Красноярск, 2017. – № 3. – С.180-186.
- [18] Желателев Д.В. Информационная среда как ресурс развития личности / Д.В.Желателев, Е.А.Карпова. – Текст: непосредственный // Цифровое общество как культурно-исторический контекст развития человека: Сборник научных статей и материалов международной конференции. – 14-17.02.2018 / под общ.ред. Р.В.Ершовой. – Коломна: Государственный социально-гуманитарный университет, 2018. – С.154-157.
- [19] Гладкова Л.Н. Содержание процесса развития социально безопасного поведения подростков сетевыми сервисами // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. – 2017. – №1. – С.29-33.
- [20] Айсина Р.М., Нестерова А.А. Киберсоциализация молодежи в информационно-коммуникационном пространстве современного мира: эффекты и риски // Социальная психология и общество. – 2019. – Т.10. – №4. – С.42-57.

References

- [1] KR Aқпарат zhane kommunikaciýalar ministrinin 2018 zhylygy 17 sauirdegi Kazakstandagy cifrlandyru maseleleri zhonindegi KR Ukimeti otyrysynda bayandamasy [Elektrondyk resurs]: URL: <http://mic.gov.kz/ru/pages/doklad-ministra-informacii-ikommunikaciy-d-abaeva-na-zasedanii-pravitelstva-rk-ot-17042018-g> (otinin berilgen kuni: 02.10.2020).

- [2] Chto zhdet Cifrovoy Kazahstan»? Novyj trend v razvitii ekonomiki [Elektrondyk resurs]: URL: <https://kapital.kz/tehnology/77003/chto-zhdet-tsifrovoy-kazahstan.html> (otinim berilgen kuni: 02.10.2020).
- [3] Bitem Elen, Sharp Rona. Pedagogikany cifrlyk dauirde kajta zerdeleu. XXI gasyrdagy okytu dizajny. – Almaty: Ultytk audarma byuro. – 2019 zhyl. – 328 b.
- [4] Karaulybaev S.K., Artyuhina M., Zhumabaeva A.M., Muratova G.I. Granicy razvitiya internet-pedagogiki // Pedagogika zhane psihologiya. – 2020. – № 2(43). – S.5-11.
- [5] Karaulybaev, S.K., Zhumabaeva A.M. 3D virtualdy okytudagy zamanai pedagogika // Pedagogika zhane psihologiya. – 2019. – № 2(39). – 5-11 bb.
- [6] Karaulybaev S.K., Zhumabaeva A.M. Bakalavrlardy dajyndauda komp'yuterlik 3D oku-iskerlik ojyndaryn koldanyp okytudy ujymdastyru // PMU Habarshysy. Pedagogikalyk seriyasy. – 2018. – № 2 – 170-180 bb.
- [7] Karaulybaev, S.K., Zhumabaeva A.M. Kiberbulling turleri zhane zhastar arasynda zhurgiziletin profilaktikalyk zhумыs bagyttary // Pedagogika zhane psihologiya». – 2020. – № 2(43). – S.70-76.
- [8] Sagalieva Zh.K zhane t.b Bilim beru kenistigindegi cifrlyk pedagogika: Oku kuraly. – Almaty: Bastau, 2020. – 366 b.
- [9] Chitosca M.I. The Internet as a socializing agent of the «M Generation». Journal of Social Informatics. 2006. Vol. 5 (June). P. 3-21.
- [10] Saleem, N. Virtual Socialization: A Step Towards Social Transformation. Journal of Distance Education and Research (JDER). 2016.– 8(4). – P. 56-66.
- [11] Pleshakov V.A. Pleshakov V.A. O psihoplastike kibersocializacii cheloveka // Prepodavatel' 21 veka. – 2016. – vyp.1. – № 2. – S.71-77.
- [12] Bondarenko S.V. Social'naya struktura virtual'nyh setevyh soobshchestv. – Rostov-na-Donu: RGU, 2004. – 320 s.
- [13] Soldatova G.U. Cifrovoe pokolenie Rossii: kompetentnost' i bezopasnost' / G.U.Soldatova, E.I.Rasskazova, T.A.Nestik. – M.: Smysl, 2017. – 375 s.
- [14] Izotova E.I. Sovremennye sposoby emocional'noj nasyshchennosti internetobshcheniya // Cifrovое obshchestvo kak kul'turno-istoricheskij kontekst razvitiya cheloveka: Sbornik nauchnyh statej i materialov mezhdunarodnoj konferencii. - 14–17.02.2018 / pod obshch.red. R.V. Ershovoj. – Kolomna: Gosudarstvennyj social'no-gumanitarnyj universitet, 2018. – S.172-175.
- [15] Internet-tehnologii kak faktor razvitiya social'noj aktivnosti rossijskoj molodezhi / E.V.Eliseeva [i dr.] // Organizaciya raboty s molodezh'yu. – 2012. – № 9.
- [16] Gladkova L.N. Formirovanie opyta social'no bezopasnogo povedeniya nesovershennoletnih v processe online-socializacii // Vestnik TyumGU. Gumanitarnye issledovaniya. – 2017. – T.3. – №3. – 2017. – S.292-305.
- [17] Gladkova L.N. Process razvitiya social'no bezopasnogo povedeniya podrostkov setevymi servisami // Vestnik KGPU im. V.P. Astaf'eva. – Krasnoyarsk, 2017. – №3. – S.180-186.
- [18] Zhelatelev D.V. Informacionnaya sreda kak resurs razvitiya lichnosti / D.V.Zhelatelev, E.A.Karpova. – Tekst: neposredstvennyj // Cifrovое obshchestvo kak kul'turno-istoricheskij kontekst razvitiya cheloveka: Sbornik nauchnyh statej i materialov mezhdunarodnoj konferencii. – 14-17.02.2018 / pod obshch.red. R.V.Ershovoj. – Kolomna: Gosudarstvennyj social'no-gumanitarnyj universitet, 2018. – S.154-157.
- [19] Gladkova L.N. Soderzhanie processa razvitiya social'no bezopasnogo povedeniya podrostkov setevymi servisami // Izvestiya Volgogradskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. – 2017. – № 1. – S.29-33.
- [20] Ajsina R.M., Nesterova A.A. Kibersocializaciya molodezhi v informacionno-kommunikacionnom prostranstve sovremennogo mira: efekty i riski // Social'naya psihologiya i obshchestvo. – 2019. – T.10. – № 4. – S.42-57.

Киберсоциализация: тенденции и перспективы

А.Қ.Игibaева¹, Д.Ерболатұлы¹, Г.У.Турарова¹

*¹Восточно-Казахстанский университет имени С.Аманжолова
(Усть-Каменогорск, Казахстан)*

Аннотация

Развитие современного мира очень сложное и быстрое, и процесс характеризуется высокими темпами развития информационно-коммуникационных технологий. Интернетпространство является средством поиска и получения информации, а также средой общения, виртуальным взаимодействием и оказывает существенное влияние на формирование стереотипов поведения молодого поколения, а также идеалов, духовных ценностей, личного и общественного мировоззрения. Цель исследования – теоретически проанализировать явления социализации личности в киберпространстве в современных отечественных и зарубежных исследованиях, определить необходимость новых исследований в области отечественной педагогики и психологии. В статье определены положительные аспекты освоения молодежью киберпространства, а также отмечены угрозы и барьеры кибер-социализации для современной молодежи. Актуализируется необходимость проведения психолого-педагогических исследований по вопросам киберсоциализации, сделан вывод об использовании новых технологий в целях положительной киберсоциализации молодого поколения.

Ключевые слова: интернет-пространство, киберсоциализация, интернет-ресурсы, психологические процессы, информационная и психологическая поддержка, духовные ценности.

Cyber socialization: trends and prospects

A.K.Igibayeva¹, D.Erbolatuly¹, G.U.Turarova¹

*Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University
(Ust'-Kamenogorsk, Kazakhstan)*

Abstract

The development of the modern world is very complex and rapid, and the process is characterized by high rates of development of information and communication technologies. The Internet space is a means of searching and obtaining information, as well as a medium for communication, virtual interaction, and has a significant impact on the formation of stereotypes of behavior of the young generation, as well as ideals, spiritual values, personal and social worldview. The article identifies the positive aspects of the development of cyberspace by young people, and also notes the threats and barriers to cyber socialization for modern youth. The necessity of conducting psychological and pedagogical research on cyber socialization is actualized, a conclusion is made about the use of new technologies for the purpose of positive cyber socialization of the younger generation.

Keywords: Internet space, cybersocialization, Internet resources, psychological processes, information and psychological support, spiritual values.

Поступила в редакцию 05.10.2020